



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2019 жылғы 27 маусымы

№ 445

Ақтөбе қаласы

город Актобе

**Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 114
«Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 114 «Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5179 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

«Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері» 2-тарауында:

11-тармақта:

7) тармақшасындағы «70 000 (жетпіс мың) теңгеден артық емес» сандары мен сөздері «140 000 (жүз қырық мың) теңгеден артық емес» сандары мен сөздеріне ауыстырылсын;

9) тармақшасындағы «70 000 (жетпіс мың) теңгеден артық емес» сандары мен сөздері «140 000 (жүз қырық мың) теңгеден артық емес» сандары мен сөздеріне ауыстырылсын.

2. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрайымы**

Г. Дәрібаева

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы**

С. Шынтасова

КЕЛІСІЛДІ:

Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысы

_____Қ.Отаров
2019 жылғы «27» маусым

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 03.07.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6272 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - руководитель аппарата Манас Игнатұлы Ершеге, 27.06.2019 17:12:04, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - Секретарь маслихата Сулупан Панаевна Шынтасова, 27.06.2019 17:12:58, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат маслихата города Актөбе» - Председатель сессии Гульнәзия Жанузақовна Дарибаева, 27.06.2019 17:14:22, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 01.07.2019 18:40:22, положительный результат проверки ЭЦП